

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 150аж қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 720-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 6-бағанында:

033-кіші бағдарламадағы "10 шілде - 10 қазан" деген сөздер "10 шілде - 30 қараша" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 723-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны "1 дана ризограф" деген сөздерден кейін ", саны 5 дана процессор, саны 4 дана монитор, саны 1 дана коммутатор, 1С бағдарламалық өнім" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*